

КЕЛІСІЛДІ

«Өскемен қаласының білім беру бөлімі» ММ басшысының м.а.

А. Абылайхан

2020 ж.

БЕКІТЕМІН

Өскемен қаласы әкімдігінің «Оқу-өндірістік комбинаты» КММ директоры

Б.Искаков

2020 ж.



## **«Кәсіби сынып сағаты» қашықтық конкурсы туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. «Кәсіби сынып сағаты» қашықтық конкурсы (бұдан әрі – Конкурс) Өскемен қаласы әкімдігінің «Оқу-өндірістік комбинаты» КММ білім алушыларды кәсіби бағдарлау орталығының қызметі аясында өткізіледі.

1.2. Конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысу үшін келіп түскен материалдарды кейіннен пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

2. Осы Ереже Конкурс тәртібін, өткізу шартын, қатысушылары мен мерзімін анықтайды.

### **II. Конкурстың мақсаты мен міндеттері**

- Дарынды педагогтарды анықтау және мадақтау.
- Кәсіби бағдар бағытындағы сыныптық іс-шараларды өткізу тәжірибесін жалпылау және тарату.
- Кәсіби сынып сағаттарының әдістемелік әзірлемелер дерегін құру арқылы білім беру-тәрбие үрдісін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.

### **III. Конкурсқа қатысушылар мен қазылар алқасы**

3.1. Конкурсқа Өскемен қаласының білім беру ұйымдарының педагогтары мен психологтары қатысады.

3.2. Конкурс бірлесіп қатысуға рұқсат етеді – командада 2 адамнан артық емес.

3.3. Конкурсқа қатысу үшін бір білім беру ұйымынан 3-тен артық емес әзірлемелер, әрбір оқу сатысына біреуден рұқсат етіледі:

- 1-4 сынып,
- 5-9 сынып,
- 10-11 сынып.

3.4. Конкурстың қазылар алқасының құрамына кәсіптік бағдар беру жұмысына қатысатын ұйымдардың (Қалалық білім беру бөлімі, Білім алушыларды кәсіби бағдарлау орталығы, ЖОО, колледждер) өкілдері кіреді.

### **IV. Конкурсты өткізу тәртібі мен мерзімі**

Конкурс 2020 жылдың 30 қаңтар – 1 наурыз аралығында өтеді және 4 кезеңнен тұрады:

### **Бірінші кезең:**

2020 ж. 30 қаңтарына дейін - Конкурсқа қатысуға өтінім беру (1-қосымшадан қарау).

### **Екінші кезең:**

2020 ж. 21 ақпанына дейін – сыныптық іс-шаралардың әзірлемелерін ұсыну.

### **Үшінші кезең:**

2020 ж. 2-3 наурыз күндері – ұсынылған материалдарды қазылар алқасы мүшелерінің бағалауы.

### **Төртінші кезең:**

2020 ж. 4 наурыз күні сағат 15.00-де – Гастелло көшесі, 14 үйдегі Өскемен қаласы әкімдігінің «Оқу-өндірістік комбинаты» КММ акт залында Конкурс жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі.

## **V. Материалдарға қойылатын талаптар**

5.1. Конкурсқа ұсынылған материалдар *педагогикалық мамандықтарды насихаттауға* бағытталған кәсіби бағдар берудің сынып сағатын әзірлеуді ұсынады.

5.2. Конкурсқа арналған материалдар электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде [safarovant@goroo.ukg.kz](mailto:safarovant@goroo.ukg.kz) электронды адресіне қабылданады.

5.3. Сынып сағатының әзірлемесі MS Word құжатын білдіреді (негізгі мәтін беттің ені бойынша тураланады, қаріп Times New Roman, түсі - қара, өлшемі - 14 пт, жоларалық интервал - 1, жиегі - 2,5 см, абзацтың бірінші жолының шегінісі - 1,0 см.).

5.4. Әзірлемеді мәтіндік құжат, барлық суреттер, кестелер және т. б. болуы тиіс, «Қосымшалар» папкасында жеке файлдар түрінде қоса беріледі.

5.5. Қосымша материалдарға (иллюстрациялар, фотосуреттер, бейнероликтер, презентациялар және т.б.) рұқсат етіледі.

5.6. Конкурсқа қатысуға тек түпнұсқалық авторлық әзірлемелер ғана жіберіледі. Конкурсты ұйымдастырушылар плагиатта анықталған әзірлемелерді қатысудан шеттету құқығын өзіне қалдырады.

## **VI. Материалдарды бағалау критерийлері**

- тақырыпқа сәйкестік – педагогикалық мамандықтарды насихаттау;
- іс-шараның нақты құрылымының болуы;
- ақпараттылығы;
- қызмет формаларының алуан түрлілігі;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- қосымша материалдардың болуы және орындылығы;
- мәтінді ресімдеу параметрлерінің сәйкестігі;
- қосымша материалдарды ресімдеу сәйкестігі;
- қосымша материалдардың сапасы.

## **VII. Қорытынды шығару және марапаттау**

6.1. Қазылар алқасының бағалау нәтижесі бойынша қатысушыларға 1, 2 және 3 орын алғаны үшін грамоталар беріледі.

6.2. Жеңімпаздар қатарына енбеген, бірақ жоғары баллдары бар конкурс қатысушылары қатысқаны үшін сертификаттармен марапатталады.

6.3 Байқау жеңімпаздарын марапаттау және сертификаттарды табыстау рәсімі 2020 жылдың 3 наурыз күні сағат 15.00-де Гастелло көшесі, 14 үйдегі Өскемен қаласы әкімдігінің «Оқу-өндірістік комбинаты» КММ акт залында өтеді.

1-қосымша.

**«Кәсіби сынып сағаты» қашықтық конкурсына қатысуға арналған өтінім үлгісі**

Өтінім Конкурс ережесінде көрсетілген мерзімде, MS Word құжаты түрінде [safarovant@goroo.ukg.kz](mailto:safarovant@goroo.ukg.kz) электронды адресіне ұсынылады.

<b>Ұйымның толық атауы</b>	
<b>Оқыту сатысы: 1-4 сынып</b>	
<b>Қатысушының (қатысушылардың) толық аты-жөні</b>	
<b>Байланыс деректері: жұмыс және ұялы телефондар, электрондық пошта мекенжайы адресі</b>	
<b>Оқыту сатысы: 5-9 сынып</b>	
<b>Қатысушының (қатысушылардың) толық аты-жөні</b>	
<b>Байланыс деректері: жұмыс және ұялы телефондар, электрондық пошта мекенжайы адресі</b>	
<b>Оқыту сатысы: 10-11 сынып</b>	
<b>Қатысушының (қатысушылардың) толық аты-жөні</b>	
<b>Байланыс деректері: жұмыс және ұялы телефондар, электрондық пошта мекенжайы адресі</b>	

Ережеге сәйкес, оқытудың әрбір сатысына бір білім беру ұйымынан бір конкурстық жұмыс қабылданады.